



БҮЙРЫҚ

24 наурыз 2021 ж.
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 38
город Балхаш

Сыбайлас
жемқорлықтың
алдын-алу жөніндегі
шаралар туралы

7

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қары стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бүзушылығын болдырмау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Бала бақша ұйымының қызметкерлеріне:

1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, тәрбиеленушілер құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынын;

2) Балабақшада:

- кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
- мерекелік құндері тәрбиеленушілерге сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен тәрбиеленушілерден қаражат жинауға;
- мерекелік құндерге балабақшаны безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- жалға беру туралы көлісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
- балабақша қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интелектуалдық ойындарға тәрбиеленушілердің қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында балабақша мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілісін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);

4) балабақша қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған тәрбиешілер мен директорға тиісті шаралар қабылдансын;

6) балабақшада қаражатты заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

3. Осы бұйрықты балабақша қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

К.Б.Жакишева

